



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

XIII Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»

The XIII International Scientific Conference
for Students and Young Scientists
«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»



12th April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2018»
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS
of the XIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2018»**

2018 жыл 12 сәуір

Астана

УДК 378

ББК 74.58

Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-997-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2018

ПСИХОЛОГИЯ ҒЫЛЫМЫНДАҒЫ БЕЙІМДЕЛУ ҰҒЫМЫНЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Телегенова Гульнара Талгатқызы

gulna_ra_88@mail.ru

Қазақстан Республикасы, Астана қаласы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, психология мамандығының магистрі

Қазіргі таңда жастарды жоғары оқу орны жағдайына бейімдеуге жаңа сипатта қарау басты міндеттердің бірі болып табылады. Себебі, қоғамда болып жатқан түбегейлі бет бұрыстардың, ғылым мен техника жетістіктерінің тұлға психикасына әсері күшті болып отырғаны белгілі. Бейімделу жалпы ғылымның мәселесі болғандықтан, қазіргі кезде ол психофизиологиялық, жеке психологиялық және әлеуметтік психологиялық деңгейлерде зерттеліп жүр.

Студенттердің оқу жағдайына бейімделуінің психологиялық ерекшелік мәселесі әр түрлі салаларда қаралса, "бейімделу" ұғымы бір мәнде қолданылмайды. Көптеген ғалымдар бейімделуді әлеуметтік тұрғыда ала отырып, жеке тұлға әлеуметтік ортада болып жатқан белгілі салаға қатысты. Сондықтан да бейімделу – бұл жеке тұлғаның сол ортадағы қоғамның әлеуметтік тәжірибесін меңгеруі.

Студенттерді ерекше әлеуметтік топ деп қарастыру дұрыс болар еді. Енді осы студент сөзіне тоқталатын болсақ «студент» сөзі – латын тілінен шыққан, қазақшаға аударғанда «ынтамен жұмыс жасаушы, бір іспен шұғылданушы, яғни білімдерді меңгеруші».

Осы бөлімді бастамастан бұрын студент жас кезеңінің психологиялық ерекшеліктерінашып көрсеткен жөн болатын.

Студент қандайда бір жас кезеңіндегі адам ретінде және жеке адам ретінде үш жақты сипатталады:

1. *Жеке адамның психологиялық процесстер, қалыптар және қасиеттерін біріктіретін психологиялық жағы.* Психологиялық тұрғынның маңыздысы - психикалық қасиеттер(бағыттылы, темперамент, мінез, қабілеттер). Ал бұларға психикалық үрдістердің жүруі, психикалық қалыптардың пайда болуы, психикалық жасаулар тәуелді десек те, нақты бір студентті зерттей отырып, сонымен бірге сол индивидтің ерекшеліктерін, оның психикалық қалыптары мен үрдістерін есепке алу қажет;

2. *Әлеуметтік жағы,* ол студенттің қандайда бір әлеуметтік топқа, ұлтқа жатуына орай туындайтын қоғамдық қатынастарды, қасиеттерін қамтиды.

3.*Биологиялық жағы,* жоғары-жүйке жүйесінің әрекеті, анализаторлардың құрылымы, шартсыз рефлексдер, инстинктер, физикалық күш, дене құрылысы, бойы, бетәлпеті, терісі мен көзінің түсі және т.б. жатады. Бұл тұрғыда негізінен тура берілген ерекшеліктер мен тұқым қуалаушылықпен алдын ала болжанған, бірақ та, белгілі бір шекте өмір жағдайына байланысты да өзгеріске ұшырайды.

Егер студентті жеке адам деп зерттесек, онда 18–20 жас – бұл адамгершілік эстетикалық сезімдердің белсенді дамуының, мінездің қалыптасып және тұрақтанушының, әсіресе, ересек адамның әлеуметтік рөлдерінің толық жиынын: азаттық, кәсіби-еңбектікжәне т.б. меңгерудің кезені. Бұл кезеңмен «экономикалық белсенділігінің» басталуы тығыз байланысты. Демографтардың пайымдауынша экономикалық белсенділік –ол адамның өз бетінше өндірістік іске араласуы, еңбек жолының басталуы және өз жанұясын құруы. Бір жағынан мотивациялардың, барлық құндылықтардың жүйесінің қайта жасалуы, екінші жағынан кәсібиеленуге байланысты арнайы қабілеттерінің қалыптасуының шапшандығы осы жас кезеңін мінез бен интеллектдамуының орталық шағы ретінде бөліп қарастырады. Бұл спорттық рекордтардың уақыты, шығармашылық, техникалық және ғылыми жетістіктердің бастауы[16,98].

Студент жеке басына арналған зерттеулер ішкі әлемінің қарама-қайшылығы, өзінің өз беттілігін табуымен және ашық байқалатын, жоғары мәдениетті индивидуалдылығының қалыптасуын көрсетеді.

Студенттік шақ сондай-ақ бұл кезеңдегі интеллектуалдық және физикалық күш дамуының оптимумының көпшілігіне қол жеткізуімен де ерекшеленеді. Бірақ та, осы мүмкіндіктермен олардың жүзеге асырылуының арасында қайшылықтар кездесіп жататыны да рас. Сыртқы көріктіліктің ажарлануымен бірге жүретін үздіксіз өсіп отыратын шығармашылық мүмкіндіктер, интеллектуалдық және физикалық күштердің дамуының өзінде күштің өсуі «мәңгілікке» жалғасады, жақсы өмірдің бәрі алда, ойлаған нәрсенің бәріне оңай қол жеткізуге болады деген иллюзияларды жасырады.

Жоғары оқу орында білім алу уақыты жастық шақтың екінші кезеңімен немесе жеке бас қасиеттерінің қалыптасу күрделілігімен ажыратылатын зерделік шақтың бірінші кезеңімен сәйкес келеді. Осы студенттік шақтың бірінші кезеңі Б.Г.Ананьев[8], А.В.Диметриев[9], И.С.Кон[10], В.Т.Лисовский[11], З.Ф.Есаревтің[12] және т.б. еңбектерінде талданады. Осы кездегі адамгершіліктік дамудың маңызды сипаты мінез-құлықтың саналы мотивтерінің күшеюі болып табылады. Жоғары сыныптардағы өте жеткіліксіз болған – мақсатқа бағыттылық, шығармашылық, табандылық, өзбеттілік, инициатива, өзін басқара алу сияқты қасиеттердің күшеюі анық білінеді. Адамгершілік (мақсаттар, өмір бейнесі, міндет, махаббат, сенімділік және т.б.) мәселелерге қызығушылық жоғарлайды [16,36].

Сонымен қатар жас ерекшелік психологиясы мен физиологиясы аумағындағы мамандар 17–19 жастағы адамның өз мінез-құлқын саналы реттеу қабілеттері толыққанды дамымаған деп белгілейді. Мотивсіз тәуекел, өз қылықтарының салдарын алдын ала болжай алмаушылық, олардың негізінде әрқашан қажетті мотивтер болуы мүмкін. В.Т.Лисовский көрсеткендей 19-20 жаста бұл шексіз құрбандылық пен өзіндік толық берілумен, бірақ кейде жағымсыз көріністе болады.

Жастық шақ-өзіндік талдау мен өзіндік бағалау шағы. Өзіндік бағалау идеалды «Меннің» реалдымен салыстыруы арқылы жүзеге асады. Бірақ идеалды «Мен» ой айқындалмаға және де кездейсоқ болуы мүмкін, ал реалды «Мен» жеке адамның өзі арқылы жан-жақты бағаланбаған. Осындай жас жеке адамның дамуындағы объективті қарама-қайшылық өзіне іштей сенімсіздікті тудыруы мүмкін және кейде сыртқа агрессивтілігімен, түсінушілік сезімімен бірге жүреді.

Жоғары оқу орнына-түсу жас дамда өз қабілет, мүмкіндіктеріне сенімін – нығайтады, толыққанды және қызықты өмірге үмітін жалғайды. Сонымен қатар екінші және үшінші курстарда жоғары оқу орнын, мамандықты, кәсіпті таңдаудың дұрыстығы туралы сұрақтың кездесуі де жиі байқалады. Үшінші курстың аяғына таман кәсіби өзіндік анықтау туралы толық шешіледі. Бірақ та, осы уақытта келешекте мамандық бойынша жұмыс жасаудан бас тарту сияқты шешімдер де қабылданады. В.Т. Лисовскиймен берілген мәліметтерге сүйенсек Ленинградтық төрт үлкен оғары оқу орындарының тек 64 пайыз жоғары курс студенттері өздері үшін олардың болашақ кәсіптері олардың негізі бейімділіктері мен қызығушылықтарына сәйкес келеді деп шешкен.

Студенттердің көңіл-күйлеріндегі өзгерістердің жиілігі байқалады-оқу алғашқы айларындағы тамашалаудан оқу ортадағы тәртіп, оқыту жүйелері, жекелей оқушыларды бағалау [42,87].

Адамның кәсіби таңдауын кездейсоқ факторлар анықтап жататыны жиі кездеседі. Бұл құбылыс әсіресе оқу орнын таңдауда келеңсіз, себебі бұндай қателіктер қоғамға және жеке адамға мәнді зиян келтіреді. Сондықтан да жоғары мектепке түсуші жас адамдармен кәсіби бағдар беру жұмысы өте маңызды. Жоғары оқу орнында оқытылатын қандайда бір кәсіпті меңгеру үшін қажетті қабілеттіерді анықтау үшін «профессограммалардың күйі» бұрынғы сипаттамасы талап етіледі. Адам психикасына ұсынылатын профессиограмманың талаптарына сәйкес үш деңгейді көрсетеді:

1. Абсолютті қажетті;
2. Салыстырмалы қажетті;

3. Қалаулы;

Осы профессиограммаларды қолдану жақсы нәтижелерді береді. Б.Г.Ананьевтің тұжырымы бойынша студенттік жас кезең адамның негізгі социогенездік потенциаларының дамуы үшін сензитивті кезең болып табылады. Жоғарғы білім адамның психикасына, оның жеке басының дамуына үлкен әсер береді. Оқу орнында білім алу кезінде жағымды жағдайлар болғанда студенттерде психиканың барлық деңгейлерінің дамуы өтеді. Олар адам саналығының бағыттылығын анықтайды, яғни, жеке адамның кәсіби бағыттылығын сипаттайтын ойлау қоймасы қалыптасады. Оқу орнында үлгерімді оқу үшін жалпы интеллектуалдық дамудың, соның ішінде қабылдау, елестеу, ес, ойлау, зейін, эрудицияланған танымдық қызығушылықтардың кең аясы, белгілі бір логикалық операциялардың аумағын меңгеру және тағы сол сияқтылардың жеткілікті жоғары деңгейі қажет. Осы деңгейдің кейбір төмендеуі оқу әрекетіндегі жоғарғы мотивация немесе жұмысқа қабілеттілік, табандылық, мұқияттылық және ұқыптылықтың компенсациясы болуы мүмкін. Бірақ бұндай төмендеудің де шегі болады, мұнда компенсаторлық механизмдер көмектесемейді да студенттің оқудан шығарылуы да мүмкін. Әр түрлі оқу орнында осы деңгейлер азда болсын ерекшеленеді, бірақ жалпы алғанда тіпті беделді және беделді емес мамандықтар деп аталынатын астаналық және периферилік оқу орындарын салыстыратын болсақ, олар бір-бірімен ұқсас болып келеді. Оқу орнында гуманитарлық білімді жеткілікті меңгеру үшін адам интеллектінің айқын көрінетін вербальді типін игеру керек[7,201].

Жоғары оқу орнына келіп түскеннен бастап болашақ мамандарға әлеуметтік қабылданған нормаларға жағымды қатынас, адамның өз мүмкіндіктерін шынайы бағалау сияқты жеке адамға тән қасиеттері дамиды.

Студенттің табысты іс-әрекетіне қажетті жағдай ішкі дискомфортты сезінуді жоғалтатын және қоршаған ортамен қайшылықтың болуының алдын алу. Ол үшін таныс болған оқу орнындағы оқу ерекшеліктерін меңгеру болып табылады. Алғашқы курстарда студенттік ұғым пайда болады, ақыл-ой әрекетінің ұжымдастырудың дағды-үйреністері қалыптасады, таңдалған кәсіпке сәйкестік сезіледі, тұрмыстың бос уақыттың және еңбектің оптималды тәртібі жасалынады, жеке адамның кәсіби мәнді қасиеттеріне өзіндік тәрбиелеу мен өзіндік жасаулар бойынша жұмыс жүйелі түрде орнығады[36,79-82].

И.П.Павловтың ашқан психофизиологиялық құбылыс–динамикалық стереотип негізін құрайтын көпжылдық әдеттегі жұмыс стереотипінің күрт өзгеруі кейде жүйке тозулары мен стресстік реакцияларға әкеледі. Сол себепті бұрынғы стереотиптің күрт өзгеруімен байланысты бейімделу (адаптация) кезеңінің салдарынан алғашқы уақыттарда салыстырмалы түрдегі төменгі үлгерім және қарым-қатынастағы қиыншылықтарға әкелуі мүмкін.

Студенттің оқуға оптималды бейімділігін қамтамасыз ететін тактика мен жоспарлары мен қызығушылықтарын, басым мотивтерінің жүйесін, тартымдылық деңгейін, өзін бағалауын, мінез-құлық саналы реттеу қабілетін және т.б. білу маңызды. Осы мәселені сәтті шешу жоғары оқу орнының психологиялық қызметінің дамуымен байланысты.

Көпшілік бірінші курс студенттері кеше ғана мектептеріндегі мұғалімдердің назары мен қамқорлығын сезінген олар оқу орны жағдайында алғашында динскомфортты сезінеді. Оларды жоғары оқу орнындағы жаңа іс-әрекеттері – ол жауапкершілікті тәуелді қатынастардың сапалы өзгеше жүйесі. Онда ең бірінші орынға өз мінез-құлқын өз бетімен реттеу қажеттілігін, өз ісі мен тұрмысының ұйымында бостандық дәрежесінің болуы қойылады[31,78].

Әр студен бейімделу үдерісі әр түрлі жүреді. Еңбек стажы бар жас адамдар студенттік өмірмен тұрмысқа жеңіл және тез бейімделеді, ал кешегі оқушылар – күнтізбелік жұмысқа жақсы бейім. Студенттік топтың міндеті жалпы оптимальды іс-әрекет үшін жағдай жасап беру.

Әдетте, барлық оқу орындарында бірінші курстарды оқу орны жағдайына бейімдеуге көмектесетін арнайы іс-шаралар жүйесі жоспарланады. Маңыздырақ іс-шаралар қатарына «Студенттерге арнау», «Мамандыққа кіріспе курсының оқытылуы, алдыңғы қатарлы

мұғалімдер мен бірінші курс студенттерінің сөз сөйлеуі, бақылау, бағалау шаралары жатады» [6,124].

Студенттің жеке басының психологиялық дамуы – қарама-қайшылықтардың пайда болуы мен шешілуі, сыртқының ішкіге ауысуы, өзіндік серпіліс, өзімен белсенді жұмыс жасаудың диалектикалық үдерісі.

Б.Г.Ананьев жеке адамның дамуын масштаб және деңгей бойынша өсетін интеграция – кіші құрылымдардың жасалуы мен олардың күрделене түсетін синтезі ретінде қарастырды[8]. Басқа қырынан қарасақ, психикалық функциялардың дифференциацияның өсімшіл үдерісі де тең бағытта жүріп жатады.

В.Г. Лисовский студенттің негізгі 11-ге бөлінетін типологиясын жасайды. Олар:

1. Гармонияға талпынатын
2. Кәсіпкер (профессионал)
3. Академик
4. Қоғам адамы
5. Өнер сүйгіш
6. «Тырысушы»
7. «Ренішті»
8. «Көңіл қалған»
9. «Жалқау»
10. «Шығармашылық»
11. «Бөгеледі»

Бұл типологияда жалпы студенттердің кәсіпті таңдау ерекшеліктері, оқу үлгеріміндегі, мамандығына қатынасының айырмашылықтарына, негізгі қызығушылықтарына, қарым-қатынасы, бос уақытын өткізу ерекшеліктеріне баса назар қойылған [24,214].

Оқытудың сәттілігі оқытылу сияқты адамның психикалық қасиетімен анықталады. Бұл түсініктің негізін адамның жеке бас ерекшеліктері (бейімділік, жеке адамның тұрақтылығы, мотивациялар тығыздығы және т.б.) және оның барлық интеллектуалдық потенциалы құрайды.

Тұлғаның бейімделе немесе бейімделе алмауының өзі көбінесе адамның биологиялық, физиологиялық, психологиялық қасиеттеріне және оның әлеуметтік дамуымен байланысты болады.

Әлеуметтік бейімделу процесінің негізі–әлеуметтік ортаның оған ұсынатын талаптарға тұлғаның мінез–құлқының, жүріс–тұрысының және іс–әреетінің сәйкестенуі яғни, әлеуметтік күтілімдер жүйесіне мінез–құлқтың сай болуы. Сәтті әлеуметтік бейімделу тұлғаның ортаға әлеуметтік– психологиялық бейімделуіне негіз болады. Сондықтан бейімделудің әлеуметтік және психологиялық жақтары бір–бірімен байланысты болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды. В 2-х т. М., 1980
2. Лисовский В.Т., Дмитриев АВ. Личность студента. Л: ЛГУ, 1974.
3. Кон И.С. В поисках себя: Личность и ее самосознание.- М.: Политиздат, 1984.-335с.
4. Лисовский В. Т. Советское студенчество. - М.: Высшая школа, 1990.
5. Есарева З.Ф., Егорова Л.Г., Быстрова А.И. Некоторые аспекты профессиональной адаптации молодых специалистов//Задачи профориентации учащейся молодежи. Казань: КГУ, 1979. - С. 110-111.
6. Педагогическая наука и практика в начале XX века ф 1.3. Идеи И.П. Павлова и развитие педагогики и психологии.